

#ТҰЛҒА

Қиын жолмен жүріп өтті

✍ Айжанат БАҚЫТҚЫЗЫ

Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің ұжымы білім ордасының доценті, философия ғылымдарының кандидаты, профессор Лилия Столярованың 85 жылдық мерейтойын ерекше құрметпен атап өтті.

Ғылым жолы – ауыр жол. Ол сабырмен төзімділікті талап етеді. Жастайынан осы жолды таңдап, білім мен ғылым саласына 55 жыл ғұмырын арнаған Лилия Столярова 85 жасқа табан тіресе де әлі тың, өңіріміздің әлеуметтік-саяси дамуына өзіндік үлес қосқан ерекше тұлға.

– Лилия Столярова білім беру саласына жарты ғасыр өмірін арнаған ұлағатты ұстаз, Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі. Ол өзінің кәсібилігінің арқасында инженерлік кадрларды сапалы даярлауға елеулі үлес қосты. Қазір құрметті зейнеткер болса да университеттегі ардагерлер кеңесінің қызметіне белсенді қатысып, жас мамандарға ақыл-кеңесін айтып, мол тәжірибесімен бөлісіп отырады. Білім саласына ғана емес, сонымен қатар еліміздің әлеуметтік-саяси дамуына қосқан қажырлы еңбегіңіз үшін алғысымыз шексіз. Сізге амандық тілейміз және еңбегіңізді жоғары бағалаймыз! – деді ШҚТУ ректорының құттықтауын жеткізген ғылым және инновациялар жөніндегі проректор Жадыра Қоңырбаева.

Әріптестерінің айтуынша, инженерлік бағытта білім алып жүрген студенттерді өзінің шешендігімен ұйыта білген мықты лектор Лилия Викторовна

болашақ мамандардың жан-жақты дамуына, олардың азаматтық ұстанымын қалыптастыруға үлкен мән берген. Сондай-ақ 150-ден астам ғылыми және әдістемелік жұмыстың авторы.

Лилия Столярова 1961 жылы Томск мемлекеттік университетін тарих мамандығы бойынша аяқтағаннан кейін Өскемен құрылыс-жол институтында кафедра ассистенті ретінде еңбек жолын бастап, әлеуметтік және экономикалық мәселелер жөніндегі проректор, ректордың кеңесшісіне дейінгі жолдан өтті.

Атап айтқанда, 1983 жылы еңбек қызметін ынталандыру мәселелері бойынша философия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. 1986 жылы оған доцент ғылыми атағы, ал 1997 жылы ШҚМТУ профессоры ғылыми атағы берілді. 2010 жылы Лилия Столярова Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі атанды.

Шара барысында мерейтой иесіне ақжарма тілектерін білдірген Өскемен қаласы әкімінің орынбасары Ирина Смит, университеттің ардагерлер кеңесінің төрағасы Любовь Сергиенко, экономика ғылымдарының докторы, профессор Юрий Баталов, филология ғылымының кандидаты Жақсыгелді



Нәзбиев және тағы да басқа әріптестері оның бойындағы ұстаздық қасиетімен қатар өз ісіне деген адалдығы, тәлімгерлігі, берік ұстанымы және даналығымен жастарға үлгі екендігін айтты.

– Лилия Столярованы университетіміздің көзі тірі тарихы десек те болады. Оның шешендік өнері мен лекторлық қабілеті жайлы сол кездегі Өскемен құрылыс-жол институтының студенттері мақтанышпен айтатын. Тіпті студенттер кейбір пәндерге қатыспай, оның дәрісін тыңдау үшін арнайы келетін. Ол Өскемен құрылыс-жол институтының алғашқы ректоры болған Дәулет Серікбаевты жақсы таныған және университеттің дамуы үшін көп жұмыс атқарды. Оның идеясы – инженерлік-экономикалық білім беруді гуманитаризациялау болды. Сол мақсатына жетті де. Бұл – өте күрде-

лі және маңызды жұмыс еді, – дейді университетті 1986-2000 жылдары басқарған Юрий Баталов.

Достық үйі – Қоғамдық келісім орталығының басшысы Эльдар Төлеубековтің айтуынша, 90-шы жылдары, ел тәуелсіздігінің қалыптасу кезеңінде Лилия Столярова бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға барынша үлес қосып, Қазақстан халқы Ассамблеясын құру жөніндегі бастамашылардың және стратегиялық мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеудегі сарапшылардың бірі болды.

Белсенді кәсіби және қоғамдық қызметі үшін Үкімет тарапынан «Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері», «Конституцияның 10 жылдығы», «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы» медальдарымен, «Білім беру үздігі» белгісімен және Құрмет грамотасымен марапатталған.

#ДӘСТҮР ДӘРІП

Жарапазан жаттап өстік

Кейбір салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыз мерейлі мерекелер қарсаңында жаңғыра жадымызға оралып жатады. Осындай ескі жылдардың естеліктерінің бір шоғыры биылғы Рамазан айында есіме түсіп, сарғайған жазбаларымды ақтарып шықтым.

Алдымен айта кетер жаңалық, жуырда облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафттық музей-қорығы қазақ этнографиясы бөлімінің ұйымдастыруымен жарапазан ұлттық фольклор жырын насихаттау мақсатында «Айтайық жарапазан елімізге!» атты шара өтті. Музейге жиналған №3 мектеп-гимназиясының оқушылары халықты жақсылыққа үндейтін жарапазан жырының түрлерімен танысты. Музей қонақтары мен жас балалар «Ақниет» әжелер ансамблі, музей-қорықтың «Белес» этно-фольклор ансамблі мен №35 орта мектеп оқушылары орындаған жарапазанға ерекше қызығушылық танытқанын көріп, қуанып қалдым.

Осы орайда ойға оралған ескі жылдардың естеліктерін оқырман қауыммен бөлісуді жөн көрдім. Мен 1988 жылдан бері облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафттық музей-қорығында қызмет атқарамын. Музейдегі қызметім қазақ этнографиясы бөлімінен бастау алып, кейін белгілі бір себептермен қол үзіп, одан 1994 жылы этнографиялық музейге қайта оралдым. Шығыс Қазақстан халықтары және аз санды этнотоптар этнографиясын зерттейтін бөлімде аға ғылыми қызметкер болдым.

Өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басында музейде қазақ бөлімімен қоса қазақ фольклоры бө-



лімі болған-ды. Мен осы бөлімнің жұмысына қызығып, сол кездері өзім үшін қазақ фольклорының кейбір үлгілерін жинаумен айналыстым. Алайда өзімнің ізденіп, жазғандарымды ешкімге айтқан да, көрсеткен де жоқпын. Пушкин атындағы облыстық кітапхана қорындағы «Музыка знания» деген жинақтан қазақ музыкасын зерттеуші Талиға Бекхожинаның еңбектерімен танысып, деректерді жазып алып едім. Жинақтың 1971 жылғы №5 санында Талиға Бекхожина жоқтау жырының түрлерін жарияласа, 1973 жылдың №6 санында «Бытовые песни-игры Восточного Казахстана» атты мақалада қазақтың ертегі өлеңдері, жұмбақ өлеңдері және жарапазанның түрлері, сондай-ақ қариялардың батасы жөнінде жазылған. Соның бірі:

*«Үйің, үйің үй екен,
Үйдің көркі ши екен.
Саба көркі бие екен,
Сандық көркі түйе екен.»*

*Босағасын борлатқан,
Маңдайшасын сырлатқан
Қандай байдың үйі екен?», – деп келетін жолдарын жазып алған едім. Кейін өз шешем де жарапазан біледі екен, оны да жазып алдым. Жалпы сарғайған жазбаларымды ақтарып отырып бірқанша жарапазан жырын жазып алғанымды көрдім. Бүгінгі ұрпақ ұмыта бастағаны болмаса біз бала күнімізде жарапазан жаттап өстік. Жарапазанның жас ұрпаққа берер өнегесі мен тәрбиесі мол. Жалпы жарапазан нұсқаларын ел ішінен жинақтап, жас ұрпаққа насихаттаса артық болмас деп ойлаймын. Жүйелі сөз, жұп-жұмыр жыр жаттап өскеннің ешкімге зияны жоқ. Сөз өнерін білген ұрпақ өнегелі болмақ.*

**Бақыт Құмарова,
облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафттық музей-қорығының аға ғылыми қызметкері**

#БІЛІМ

Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағының кепілі

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей мектептің жүрегі саналатын мұғалімдердің біліктілігін, тәжірибесін арттырудың маңызы зор. Себебі тәжірибелі ұстаз мектепті алға сүйреп, оқушыны білім биігіне шығарады. Осындай мақсатта елімізде жүйелі жұмыстар атқарылып, семинарлар өткізіліп келеді.

Ұрпақ тәрбиесінің тағанын нықтап, тәлім берудің әдіс-тәсілдерін үйретуге бағытталған кезекті жиын Самар ауданының Бастаушы ауылындағы Абай атындағы орта мектепте өтті. Семинар «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» және «Кітапхана – оқырман – ата-ана үштігінің жұмысы» тақырыптары аясында өтті.

– Ондағы мақсат – мектептердегі «Асыл мұра» әжелер, «Ақ босаға» келіндер, «Ақ Баян» қыздар және «Әкелер» клубы арасындағы байланысты нығайту. Үйірмелердің жұмысымен таныстыру. Сондай-ақ ата-аналарға педагогикалық тұрғыда қолдау көрсету, – дейді Абай атындағы орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Дана Төлепбергенова.

Шара барысында жоғарыда аталған клуб мүшелері ауыл-ауыл болып өнерлерімен бөлісіп, келген қонақтарға шеберлік көрсетті. Атап айтар болсақ, «Әкелер» клубының өкілдері қамшы өру түрлерін көрсетсе, әжелер сырғақ ойып, кесте тігуді дәріптеді. Ал келіндер клубы бауырсақ, шөлпек пісіріп, құрт жасау жолдарын көрсетті. Осылайша ұлттық тәрбиені дәріптеген семинарда қатысушылар клуб мүшелерінен біраз дүние үйреніп қайтты.

Сонымен қатар мектеп кітапханашыларына арналған семинарда кітапхана – оқырман – ата-ана үштігінің жұмысы көрсетіліп, «оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Ақселеу Сейдімбектің «Аққыз» повесін ата-аналармен бірлесе оқудың ұтымды жолдары таныстырылды.

Осылайша білім саласының қызметкерлері бір-бірімен тәжірибе алмасып, үлгі боларлық педагогикалық әдіс-тәсілдерді үйреніп, ұрпақ тәрбиесі жөніндегі білімін шындап қайтты.

Жазира Нұрғазина

Самар ауданы.